

Н. Сиязбаев, 1-курс

**Фылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

ҰЛТ МУДДЕСІ — ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Төртінші билік атальып кеткен журналистиканың бүгінде дербестік алған еліміздің июнқиу проблемалары алуан түрлі альп-қашпа талқылауга, қырық құбылған қоғамдық пікірге негізделгенде бұрынғыдан да маңыздырақ, қызметі қажеттірек болып отырғаны анық. Осы орайда, әсіресе қазіргі ғаламдық жаңандастыру үдерісі қарыштап дамып келе жатқан кезенде журналистиканың «акпараттық қоғамда» ықпалының зор екені байқалады.

«Акпараттық қоғамда» акпарат құралдары өнеркәсіптің бір саласы іспетті. Себебі қалың көпшілікті идеологиялық «өндөуден» өткізу үшін шығарылатын акпараттық өнім, негізінен, өнеркәсіпке тән жолдармен дайындалады. Айтальық, бұл саланың да жартылай шикізаттар, тетіктер мен бөлшектер шығаратын өз фабрикалары бар: олардың қатарына акпараттық және жарнамалық агенттіктер, түрлі хабар даярлайтын орындар, «жүртшылықпен байланыс» жүйесі жатады. Олар өз өнімдерімен кез келген монополияны, мемлекеттік ұйымдарды қамтамасыз етеді. Ал халықтың өз мемлекеттің бақылайтын мүмкіндігінің бірі — бұқаралық акпарат құралдарының мейлінше демократиялануы, әртүрлі қысымнан, саяси құтын-сүргіннен ада болуы. Қазіргі таңда дүниежүзілік акпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, жаңандастыру үдерістерінен ешбір елдің бұқаралық акпарат құралдары тыс тұра алмайтын қурделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз. Журналистика қоғам өмірінің дамуын белгілі деңгейде анықтайтын халге жетті. Сондай-ақ, қандай бір мәселелерге түрлі көзқарастар тұрғысынан келуге, қоғамдық психологияға ықпал жасауга, елді жедел акпараттармен қамтамасыз етуге, жазу-сызу шеңберлерін шындауға ат салысада. Мұның бәрі айналып келгенде, ұлттық журналистикамыздың тарихындағы тың көрініс.

Журналистиканың өзі диалектикалық сипаттағы қоғамдық институт ретінде қоғамдық санаға да әсер етеді. Сондықтан журналистика қоғамдық даму мен қозғалыстардың бейнелеушісі бола отырып, сол үдеріске сай өзі өзгеріп жаңарады. Қурделі болса да мазмұны бай уақыт пен кеңістіктен өтіп, ұлттық — азат журналистиканың қалыптасу негізін белгіледі. Әсіресе жаппай жаңандастыру кезеңінде ұлттық сипатты сақтап қалуда БАҚ-тың маңызы арта түспек. Ол үшін алдымен керегі — ұлттық идея мәселесін бірінші кезекке қою. Жоғарыда атап өткен қурделі кезеңде жер шарында ұлт болып тұру үшін әуелі ұлттық болмысты сақтап қалу қажет. Оның бірінші жолы — көпшілік бұқара арасына ұлттық бағытты көрсетіп, сана-сезімге әсер ететін ұлттық идеология қажет деп табылады. Ұлттық идеологияны жүргізуге насиҳат қажет дейтін болсақ, онда бірінші кезекте күш бұқаралық акпарат құралдарына түсетіні анық.

Қазір қоғамды ұлттық-мемлекеттік ұлгіде дамытудың түрлі жолдары ұсынылада. «Әлемдік жаңандану мен оның түрлі әлеуметтік-саяси тәжірибелері ұлттық жас мемлекеттің өз негізінде қалыптасуына ықпал етуде. Бүгінде ұрпақ сабактастығын мәдениет тірегіне айналдыруға қоғамдық тұрақтылық арқылы мемлекет беделін, ұлттық дәстүр мен саяси тәжірибелің үйлестілігін жетілдіруге үлкен-кіші бірдей мұқтаж. Ал өркениетті жолды таңдай білу — тұрақты дамуға кепілдік»¹. Тұрақты даму саяси-әлеуметтік және ұлттық мәдени талаңтарды бір-біріне қарсы қою немесе ұлттық, өркениеттік үйлесімділіктің ерекшелігін жою деңгей емес. Керісінше, ұлттанудың, қоғамтанудың белгілі бір уақыттық-кеңістік континумдағы тұтас көрінісін айқындауға қажет. Оның арқауы — өзіндік тағдырыдың, тарихтың ақиқатын анықтау, өзіндік тәлім-тәрбиенің әдістері мен тәжірибесін тетіктеу, өз болашағының бейнесі мен бағдарын белгілеу.

Ғалым Т. Бекназовтің пікірін келтіре кетейік: «Журналистикадағы қазіргі демократиялық бағыт пен гуманистік позиция баршаға ортақ. Жер бетіндегі құллі тіршілік те осынау үдеден шықса, қанеки! Бұған журналистиканың алдымен қатысы барына еш күмән болмаса

керек. Осындай жағдайда ғана өркениет пен мәдениеттің бәйгесінде халықтық, ұлттық көкейкесті нәтижеге жетуге үмтүлательмыз анық»².

Қазақстан Республикасының мәдениеті жоғары, рухы биік, патриоттық сезімі берік, жаңа ғасырдың асау тізгінін өз қолдарына алатын азаматтардың Отанына айналдыру үшін осы елде тұрып жатқан әрбір азамат өз үлесін қосуы қажет, ол біздің барлығымыздың қасиетті борышымыз болуы тиіс.

Ұлтжандылық пен ұлттық болмысты рухани мұрамен толықтыратын тарихи-мәдени сабактастық, ұлттық дәстүр мен қоғамдық қозғалыстың идеялық негізін, тәжірибелік деңгейін нығайтатын дәстүрлі рәсім, ұлттық дәстүрді өркениет өлшемімен реттейтін әлеуметтік бағдар — міне, ұлттық болмысымызды сақтап қаламыз десек, халыққа керегі де осы болмақ.

Ұлтжандылық пен ұлттық болмысты рухани мұрамен толықтыратын тарихи-мәдени сабактастық, ұлттық дәстүр мен қоғамдық қозғалыстың идеялық негізін, тәжірибелік деңгейін нығайтатын дәстүрлі рәсім, ұлттық дәстүрді өркениет өлшемімен реттейтін әлеуметтік бағдар, міне, ұлттық болмысымызды сақтап қаламыз десек, халыққа керегі де осы болмақ.

¹ Нұржекеұлы Б. Қайдан шыққан елміз? // Азия Транзит. — № 6 — 2004. — 64-6

² Бекназов Т. Халықаралық журналистиканың дамуы: Оқу құралы. — Алматы, 2003. 81-6.